

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ»
(Т1) ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ
ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

10-сынып

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ).....	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Бағалау міндеттері	4
3	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау	5
3.2	2-емтихан жұмысы. Жазылым	5
3.3	Балдардың үлестірілуі.....	6
3.4	Емтиханды өткізу тілі.....	6
3.	Емтиханды өткізу процесін басқару	6
5.	Балдарды қою процесі	7
6.	Бағаларды қою процесі	7
6.1	Бағалар сипаттамасы	7
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	8
7.1	1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау	9
7.2	2-емтихан жұмысы. Жазылым	18

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

10-сыныптағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9 және 10-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т1) пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау моделімен байланысы (КБМ)

Сыртқы жиынтық бағалау Критериалды бағалау моделінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау және ішкі жиынтық бағалау кіреді.



2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар 2 емтихан жұмысын орындайды.

1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау	120 минут
Оқушылар 50 балмен бағаланатын екі міндетті тапсырманы орындайды. 1-тапсырма өтілген тақырыптарға сәйкес келетін жалпы көлемі 600 сөзден аспайтын 2 мәтіннің үзіндісінен тұрады. Сонымен бірге 1-тапсырмада екі жазбаша тапсырма бар: (а) бөлімінде үзіндінің тілі мен стилін салыстыру қажет, (ә) бөлімінде белгілі бір аудиторияға арналған нақты мақсаты бар 150-180 сөзден тұратын мәтін жазу керек. 2-тапсырмада құрамы 500 сөзден аспайтын ауызекі сөйлеу тіліндегі мәтінге талдау жүргізу қажет. Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.	
Барлық балл санының 50%-ы	
2-емтихан жұмысы. Жазылым	90 минут

Оқушылар берілген алты сұрақтың ішінен 2-еуін орындайды. Ол сұрақтар жалпы 50 балмен бағаланады. Әр сұрақтың жауабы үшін бірдей сандағы балдар беріледі. Оқушылар А бөлімінен бір сұрақты – шығармашылық жазба жұмысын жазуды таңдайды және Ә бөлімінен бір сұрақты – белгілі бір аудиторияға бағытталған жазбаны таңдайды. Әр бөлімде құрамы 350-450 сөзден тұратын жазба жұмысын жазу керек. А бөлімінде оқушылар хабарлама немесе сипаттама мәтінін, ал Ә бөлімінде дискуссиялық немесе аргументті мәтін жазу қажет. Екінші бөлімнің жұмысы белгілі бір аудитория үшін анықталған форматта (мысалы, журналдағы мақала, ақпараттық мақала, сыни мақала, газетке хат, сөйлейтін сөз, пікір, блог жазбасы, баяндама, дикторлық мәтін, т.б.) ұсынылу керек.

Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.

Барлық балл санының 50% -ы

2.1 Бағалау міндеттері

Бағалау міндеттері оқу бағдарламасы мен оқу жоспарындағы оқу мақсаттарына сай келеді.

1-БМ	Коммуникативтік құзырлық Оқушы: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді салыстыруы, жанрлардың абстрактілі және нақты тақырыптарын түсінуі; • дәйектілікпен тиімді талдауы, бағалауы, болжауы, іріктеуі және ақпаратты беруі, идеяны дамытуы және қалыптастыруы, интерпретация және әр түрлі болжамдары, тәуелсіз көзқарастарды қолдана білуі; тақырыптарды анықтап жалпы сипаттауы және ойды тұжырымды етіп айтуы, өз пікірлерін жеткізуі; • стилистика түрлерін, астарлы және басқа да мағынада айтылған сөздерді анықтауы; • шығармашылық жұмыстарды орындауы, терең дәлелдеулермен қызықтыруы, түрлі жанрдағы мәтіндерді (әдебиет, сыни, тарихи, философиялық, ғылыми және т.б.) меңгеруде терең білімділігін көрсетуі тиіс.
2-БМ	Тілдік құзырлық Оқушы: • оқылатын тілді ауызша дәл және тиімді меңгеруі, сол сияқты жазбаша түрде қарапайым шартты белгілерді лайықты лексикалық, грамматикалық, синтаксистік құрылымдарды және пунктуациялық белгілерді қолдана білуі; • әртүрлі жанрдағы күрделі мәтіндердің лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін талдауы және құрылымын салыстыруы, анықтауы тиіс.
3-БМ	Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі Оқушы: • өздерінің жеке пікірлерін, идеяларын жеткізуі, әр түрлі әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндерді, жағдайлар мен фактілерді жаһандық мәселелерге әкеле отырып бағалауы; • қазіргі заманғы қоғам мен ұлттық мәдениет туралы білімін жеткізуі тиіс.

3 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан 2 жұмыстан тұрады. 1-емтихан жұмысы оқылым және мәтінді талдауға арналған. Бұл тапсырмада мәтіндердің айырмашылық ерекшеліктерін анықтап түсіндіру қабілеттері бағаланады. 2-емтихан жұмысы жазылымға арналған. Жазылымда оқушылардың шығарма жазу қабілеттері және тілдің көмегімен мұқият жоспарланған

әрекетті құра алуы, сонымен бірге аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алу қабілеттері бағаланады.

3.1 1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау

Оқушыларға 50 балмен бағаланатын екі міндетті тапсырманы орындауға 2 сағат беріледі.

1-сұрақ үшін мәтіндер қазақ тіліндегі көркем шығарма үзінділері, редакциялық мақалалар, жаңалықтар, мақалалар, шолулар, блог жазбалары, журналистік зерттеулер, хаттар, автобиография, күнделіктер, эссе секілді әртүрлі дереккөздерден алынады. Сөздіктерді қолдануға тыйым салынады.

Бұл тапсырма оқушылардың мәтіндердің ерекше айырмашылықтарын анықтау қабілеттерін, өз жауаптарында ақпараттарды дұрыс ұйымдастыру мен жазылымның қызметін байланыстыра алуын, сөздік қор секілді аспектілерге түсінік беруін, нақышты сөздерді қолдануын (мысалы, метафора мен теңеуді қолдану), сөздердің реті мен сөйлем құрылымын, коммуникациялық қарым-қатынасын, тысқары пікір мен алдын ала болжай алуын бағалайды. Балдар балл қою кестесіне сәйкес қойылады.

Бағалау міндеттері	Балдар	Сипаттамасы
1-БМ 2-БМ 3-БМ	35	1-тапсырма көлемі 600 сөзден кем емес екі мәтіннің үзіндісіне негізделген, өзара байланысы бар тақырыптарға қатысты 2 жазбаша тапсырмадан тұрады: (а) бөлімінде оқушыдан екі үзіндінің стилі мен тілін салыстыру талап етіледі; (ә) бөлімінде оқушылар белгілі бір тақырыпта және арнайы аудиторияға сәйкес лексиканы қолданып, 150-180 сөзден тұратын мәтін жазуы керек. Оқушылар мәтін жазу барысында үзіндінің түпнұсқасынан дәлелдер мен фактілерді келтірулері керек.
1-БМ 2-БМ 3-БМ	15	2-тапсырма ауызекі сөйлеу тіліндегі мәтіннен алынған бір үзіндіден тұрады. Сөз саны 500 сөзден кем болмауы керек. Оқушылар алған үзіндінің стилін талдап, түсінік берулері қажет.
Барлығы	50	

3.2 2-емтихан жұмысы. Жазылым

Оқушыларға ұсынылған алты сұрақтың екеуіне жауап беру үшін 1 сағат 30 минут беріледі. Сұрақтар жалпы 50 балмен бағаланады. Жұмыс екі бөлімнен тұрады: А бөлімі және Ә бөлімі. Әр бөлім үш сұрақтан тұрады.

Оқушылар А бөлімінен бір сұраққа, Ә бөлімінен бір сұраққа, жалпы екі сұраққа жауап береді: Әр сұраққа бірдей сандағы балдар қойылады.

Сөздікті қолдануға тыйым салынады. Берілген сұрақтар оқушылардың белгілі бір аудиторияға арналған жазба жұмыстарында тиісті лексикалық қорларын, стильдерді нақты мақсатпен жаза алу қабілеттерін, ойларын анық жеткізе алуларын, аргументтер жүйесін құра алуын, дәйекті түрде сенімді етіп жаза алуларын бағалайды. Балдар балл қою кестесіне сәйкестендіріліп қойылады.

Бағалау міндеттері	Балл саны	Сипаттамасы
1-БМ 2-БМ 3-БМ	25	А бөлімі Шығармашылық жазба жұмысы (әңгімелеу/сипаттау) Оқушылар үш сұрақтың біреуін таңдайды. Құрамы 350-450 сөзден тұратын хабарлама немесе сипаттама мәтінін жазу керек. Берілген сұрақ оқушының оқиғаны бейнелі баяндай алуын, нақты әсерлерді құра алуын, мысалы, көңіл күйді жеткізе алуы немесе кейіпкерді сипаттай алуы секілді қабілеттерін бағалайды.
1-БМ 2-БМ 3-БМ	25	Ә бөлімі Белгілі бір аудиторияға арналған жазба жұмысы (дискурсивті/аргументативті) Оқушылар үш сұрақтың біреуін таңдайды. Құрамы 350-450 сөзден тұратын (немесе екі немесе одан да қысқарақ байланысқан 175-225 сөзден тұратын сабақтас мәтіндер) жазба жұмысын жазу керек. Белгілі бір аудиторияға арналған әр сұрақ үшін жазбаның нақты жанры берілген (мысалы, журналдағы мақала, ақпараттық мақала, сыни мақала, газетке хат, сахналық сөз, дикторлық мәтін, сөйлейтін сөз, пікір, блог жазбасы, баяндама, т.б). Берілген сұрақ оқушылардың өз ойларын анық жеткізулерін, аргументтер жүйесін құра алуларын, дәйекті түрде сенімді етіп жаза алу қабілеттерін бағалайды.
Барлығы	50	

3.3 Балдардың үлестірілуі

Жалпы бағалау мен әр емтихан тапсырмасы үшін қойылған балл саны төменде шамамен берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау	2-емтихан жұмысы. Жазылым	Барлығы
1-БМ	22.5	20	42.5
2-БМ	22.5	20	42.5
3-БМ	5	10	15
Барлығы	50	50	100

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

3. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау;

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ лидерлері және емтихан алушылардан тұратын Аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ лидерлері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ лидерлері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы - оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі.

Баға	Сипаттамасы
А	Қазақ тілін толық меңгергенін, ғаламдық, әлеуметтік, мәдени сұрақтар жайлы білімін және пән ішіндегі байланыстарды түсінетінін көрсетеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын жеңіл және дәлме-дәл белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әртүрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар көптеген күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды еркін және дәлме-дәл пайдаланады. Берілген деңгейде күтілетін мол сөздік қор мен грамматикалық формаларды қатесіз қолданады. Қажетті деңгейге сәйкес стиль мен барлық заңдылықтарды сақтайды. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін мазмұнында кең мағынасы бар күрделі идея толығымен ашылған, ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана алған. Оқушылар барлық ақпарат көздеріне қол жеткізе алады, ақпараттарды саралай алады, өз ойларын еркін, жоспарсыз жеткізе алады. Коммуникативтік міндеттердің шартты белгілерін білетінін көрсетеді. Коммуникативтік міндеттерге жауап бере отырып, тұтас аудиторияның назарын ұстай алады, күрделі идеяларды тиімді және сенімді етіп жеткізе

	алады.
С	Қазақ тілінен жақсы білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты айқын түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын белгілей алады. Тіл сапасы Құрамында әртүрлі ерекшеліктері мен формалары қамтылған сөйлеу тіліндегі сілтемелер мен мәдени иллюзиялары бар жеткілікті күрделі мәтіндерді және олардың астарлы мағынасын түсінеді. Әлеуметтік, академиялық және іскерлік мақсаттағы нақты стильде тілдік формалардың алуан түрлерін, лексикада аз қолданылатын сөздік қорды, күрделі құрылымдарды дұрыс пайдаланады. Қарапайым және күрделі грамматикалық формаларды пайдалануды бақылайды және пайдаланады. Кей жағдайда мәтіннің мазмұнын түсінуде қиындық келтірмейтін қателерді жібереді. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Мәтін логикалық бірізділікпен жақсы құрылған және ұйымдық құрылымдар мен байланыс құралдарын кеңірек пайдалана алған. Негізгі мағынасы баяндалған, бірақ кейбір маңызды идеялар дамымаған. Жазбаның құрылымы түсінікті, бірақ арасында ой жалғасын бақылап отыру қиынға түседі; кейбір идеялар бір-бірімен жақсы байланысқан. Әлеуметтік және академиялық мәнмәтінде өз ойын едәуір еркін жеткізеді. Мәтін түсінікті және әртүрлі тақырыптарды кеңірек қолдана отырып жете сипатталған; өзекті тақырыптар бойынша өзінің көзқарасын білдіреді.
Е	Қазақ тілінен базалық білімін көрсетеді, жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтар мен пәнішілік өзара байланысты қарапайым деңгейде түсінеді. Жаһандық әлеуметтік және мәдени сұрақтардың мәтіндермен ара қатынасын белгілеуде қиналады. Тіл сапасы Күрделі мәтіндерді түсінуде базалық білімін көрсетеді, бірақ олардың ерекшеліктері мен астыртын мағыналарын түсінбейді. Осы деңгей үшін аздаған грамматикалық құрылымды пайдаланады. Сөздік қоры жұтаң, сөздерінде (орфографиялық, мағыналық) қателер жиі кездеседі. Қайталанатын қателер маңызды да, маңызды емес те қателер болып саналады және мәтіннің мазмұнын түсінуде жиі қиындық тудырады. Мәтіннің мақсатына келетін стиль мен заңдылықтар туралы бейхабар. Ұйымдастыру мен коммуникативтік дағдысы Тапсырманың көп жерлері түсініксіз, бірнеше маңызды идеялары мен жіберілген кемшіліктері бар. Мәтін анық құрылмаған, идеялары бір-бірімен байланыспайды немесе жеткілікті дәрежеде байланыспаған. Таныс тақырыптарға да қарапайым байланыстағы мәтін жазылған. Берілген мәтіннің түріне қажетті, маңызды шартты белгілердің көп бөлігінен қателіктер жібереді. Ойы жұтаң берілген, тұтас аудиторияға кері әсерін тигізеді.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және арнайы. Жалпы балл қою кестесі жекеленген сұрақтардың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды, тек сұрақтарға қолдануға арналған. Арнайы балл қою кестесі әр емтихан кезеңі үшін әр түрлі болып келеді. Жеке сұраққа қатысты арнайы мазмұны бар және сұрақпен бірге жазылады.

Төменде мысал ретінде сұрақтар берілген.

Әрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [15].
Балл қою кестесі әр тапсырмадан кейін беріліп, қандай балл қойылатындығы көрсетіледі.

7.1 1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау

Төменде берілген ұлттық құндылықтардың сақталуы жайлы екі мәтінді оқып, 1(а) және 1(ә) сұрақтарының екеуіне де жауап беріңіз.

1 (а) Екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, формасын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз.

[15]

1 (ә) Екі мәтіндегі ақпарат пен өз пікірлеріңізді пайдаланып, мектеп журналына «Ұлттық құндылықтарымыз жаһанданудың мәдени өзегі бола ала ма?» деген тақырыпта аргументативті эссе жазыңыз. Пікіріңізді қажетті деректермен қолдап, қорғай біліңіз. Сөз саны 150–180 сөзден тұруы тиіс.

[20]

А мәтіні: Профессор К.У. Биекеновтің ғылыми еңбегінен үзінді

Жаһандану үдерісіндегі құндылықтардың даму тенденциялары	
Қазақстан қоғамының жаһандану үдерісіндегі құндылық бағдарлары және даму тенденциялары өзгеруде. Жаһанданудың мотиві мен мақсаты капитал, тауар, қызмет көрсету, сонымен қатар жұмысшы күшінің ұлттық шекарада түйісуімен және трансұлттық сипат алуымен осы үдеріске негізделуі болып табылады. Олар ұлттық құндылықтарға ықпалын тигізеді. Ал билік құрылымдары алдындағы басты міндет барлық әлем халқы үшін жаһанданудың позитивті факторларын қамтамасыз ету болып табылады.	5
Қазіргі Қазақстан қоғамы алдында тұрған бұл міндетті ғалым Б. Сексенбаев төмендегідей тұжырымдайды: «Қазақстанның тарихи міндеті – адамзат табиғаты дамуының қазіргі заманғы деңгейіне толық жауап беретін өзінің принципті түрдегі жаңа өмірлік тәсілдерін жасауға күш салу. Тек осындай қадам ғана біздің халқымыздың жетістігі болып табылады, әрбір қазақстандық өзінің ментальды-рухани дамуына, денсаулығының мықты болуына, материалдық жағынан жеткілікті өмір сүруге байланысты жаңа сапаларды қалыптастырады, осының нәтижесі қазіргі қазақстандық мәдениет деп аталатын тарихи феноменнің мазмұнын құрайды». Осы мазмұнды құрайтын «Біреудің ала жібін аттамау», «Аманатқа қиянат жасамау», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» сияқты ұлттық құндылықтарға жататын қағидалар бар. Ал жаңа сапа негізгі бес жалпыадамзаттық құндылыққа негізделеді: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау. Бұл мәңгілік бес құндылық – адамның ұлтына, нәсіліне, ортасына, дініне қарамайтын құбылыс.	10
Батыстың материалдық-техникалық саладағы табыстары мен шығыстың рухани даналығы материалдық құндылық категориясында тоғыса отырып, адам болмысының тұтастығы мен бірлігін, тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Жаһанданудың мәдени өзегі батыс мәдениеті, дәлірек айтсақ, АҚШ мәдениеті екені белгілі. Отандық ғалымның пікірінше, жаһанданған мәдени кеңістікке ену батысқа ұқсауды білдірмейді. Өз мәдениетінің аумағымен тұйықталып қалуға да болмайды, әлемдік мәдени кеңістікке кіру керек, бірақ ұлттық мәдениеттің негізін сақтай отырып кіру керек, өйткені осы мазмұн ғана құнды.	15
Жаһандық азаматтық қоғамның әлеуметтік базасы қоршаған ортаны, бейбітшілікті, адам құқығын және түпкілікті тұрғынның төл мәдени ерекшелігін қорғауға атсалысушы әртүрлі халықаралық ұйымдар болып табылады. Ортақ ақпараттық	20
	25
	30

Ө мәтіні. Блог жазбасынан үзінді

Ұлттық құндылықтарымыз елеусіз қалуда. Мысалы, қазір ата-ана баласының туған күнінде торттың үстіне шырағдан жағып әкеліп, оны балаға өшіртеді. «Отың өшпесін», «шырағың сөнбесін» дейтін қазақ халқы үшін бұл – жаман ырым. Бірақ оны ойлап жатқан ата-ана жоқ. Кейінгі кезде ұлттық құндылықтарымызды қорлау байқалып жүр. Мысалы, «КТК» телеарнасы «Бешбармақ шоу» деп қазақтың қадірлі асы еттің атын қорлауда. Қазақта «Бешбармақ» деген ас жоқ, оны «ет тағамы» дейді. «Беш» деген де сөз жоқ, оны керісінше «бес» дейді. Адамда барлығы төрт қана бармақ бар: екеуі аяқта, екеуі қолда, қалғандары саусақ деп аталады. Қазақтар: «Бес саусақ бірдей емес», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» деп мақалдайды. «Бес бармақ бірдей емес», «Бармақ бірікпей, ине ілікпейді» деп айтпайды. Қазір бағамдап қарасақ, талай ұлттық құндылықтарымыз «қолды болып» кетіпті. Басқалар біздің ұлттық құндылықтарымызға халықаралық патент алып алған. Мысалы, шетелдік сән үлгілерінен қазақтың ою-өрнегінің, қыздарымыздың қосетек көйлегінің нышандары байқалып қалады. «Апта kz» хабарында шұбатқа – еврейлердің, киіз үйге – американдықтардың халықаралық патент алғандығы айтылды. Қазақта сонда не қалды? Тездетіп комитет құрып, ұлттық құндылықтарымызды қорғау керек. Ұлттық құндылықтарды «біздікі» деу үшін халықаралық патент алу керек. Қазір ұлтжанды азаматтардың арқасында тоғызқұмалақ, қазақша күрес, бәйге, көкпар жақсы дамып келеді. Енді қазақша күресті олимпиада ойындарының тізіміне енгізуге күш салу керек. Өр ұрпақтың өмір сүрген уақытына қарай оларға жүктелетін тарихи миссиясы болады. Абылай хан дәуірінде қазақ ел болып қалу үшін жоңғарлармен айқасты. Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен елдігімізді сақтап қалды. XX ғасырдың басында Ө. Бөкейханов бастаған арыстарымыз жоқ дегенде автономиялы республика болу үшін жанын салып күресті. Әлихан Бөкейханов: «Өр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, әйтпесе болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар», - деген. Құдайға шүкір, қазір егеменді ел болдық. XXI ғасырдағы қазақ ұрпағының міндеті – экономикамызды дамытып, ұлттық құндылығымызды қорғау. Жаһандануға жұтылып кетпей, «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қорғай білуіміз керек. Ұлттық құндылық – ұлттың тірегі.	5 10 15 20 25 30
--	--

1

2-сұрақ

Төмендегі «Заң сөйлесін» атты жаңа телеарна жобасының авторы, заңгер Асқар Айтуаровтың «Харекет» бағдарламасында сөйлеген сөзінен үзіндіні оқыңыз.

Мәтіннің тілі мен стилінің ерекшеліктерін сараптаңыз.

[15]

Мәтінде қолданылған шартты белгілер:

(.) / (...) —қысқа және ұзақтау кідіріс

Қиғашталып берілген сөздер (мысалы: *имм.*) — тұтығу, бөгелу мәніндегі көмекші сөздер

БАС ӨРІППЕН БЕРІЛГЕН СӨЗДЕР (мысалы: ОСЫ ЖАСТАР) — дауыс ырғағы

Жаңа айтып кеткеніміздей, құқықтық сауаттылық (..) қоғамның әр адамы үшін маңызды екені бесенеден белгілі. Бүгінгі қоғам талабы да осы заңды білу. Өйткені АДАМ
--

ҚҰҚЫҒЫ – адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын демократиялық құндылық. (.) Ал МЕМЛЕКЕТТІҢ міндеті – адам құқықтарын сақтау, қорғау және мойындау. Өзіңіз өмір сүріп жатқан елдің заң ережелерін, құқықтық қағидаларын білмеу (..) бізді орға жығады, орға. Тіпті кейде сауатсыздықтарына зығырданың қайнайды. Кезінде (..) «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» ұстанған, Тәуке ханның Жеті жарғысын қазық еткен қазақтың бүгінде ұрымтал тұста ұтылып, жеме-жемге келгенде желініп отырғаны еңсенді түсіреді. ЗАҢ БІЛМЕУ ДЕГЕНІҢ адымыңды аштырмай сүріндіреді ғой. Солай емес пе?! (.) Тәп-тәуір азаматтың білместіктен есесін жіберіп алатынын қайтерсің?!

Оны былай қойғанда, құқықтық сауаттылықтың төмендігі – ӨТЕ ҚАУІПТІ. Осындай білместіктің салдарынан болар, соңғы уақытта жаңалықтар легінде түрлі жаға ұстатар жайттар, көңіл қынжылтар келеңсіздіктер азаймай тұр. Қолына әділетсіз кісен салынған ұлын қорғау үшін шырылдаған ана, ойнақтап жүріп от басқан жасөспірім, жұмыс берушінің құр сөзіне сеніп еңбегін жегізгендер, алаяқтарға алданып, жер мен баспана дауының ортасында қалған халық, айта берсе, ойпырмай, жетіп артылады! (...) Осының барлығы әлі де болса ТӨМЕНДІГІ ҒОЙ құқықтық сананың. Міне, осыған орай, Еуразия бірінші телеарнасының жаңа маусымында «Заң сөйлесін» атты жоба іске қосылмақшы. Жүргізушісі – өзім. (...) Бағдарламаның мақсаты – халыққа заң ережелерін түсіндіру, ұғындыру, заңға сай қандай құқықтары мен мүмкіндіктері бар екенін, белгілі бір даулы мәселелерден заң шеңберінде қалай шығуға болатынын көрсету. Себебі заңнан бейхабар адам қоғамда белгілі бір жайттарға тап болғанда өзіне сенімсіздік танытады. Қарсы тарапқа өзін жығып береді. Жығып береді дегенім жай сөз ғой, оның өзгені қылмысқа итермелейтінін қайтерсің?! *імм (басын шайқады)*. Білесіз бе, (.) ондайлар жеңіліп бара жатқанын сезсе, ақша ұсынып, жемқорлыққа (*сұқ саусағын көтерді*) сұрлеу салады.

Осы салада 35 жыл жүргенде түйгенім – біз (.) бәрін білеміз. Бірақ (*басын шайқап, күлді*) заңмен таныс емеспіз. Тәуелсіз қазақ елінің кез келген азаматы өзінің заңымен таныс болмаса, түптің түбінде заң онымен танысатынын естен шығармаса деп ойлаймын. Жобаны «Заң және заман» деп те атауға болар еді. Дегенмен *імм* тәртіпке, әділетке жүгінудің жалғыз жолы – ЗАҢДЫ СӨЙЛЕТУ. Заң сөйлесе, кез келген көрерменге көмек болады деген сеніміміз мол.

Қазір не көп – шоу көп, концерттік бағдарлама көп. Елге көмек болатындай, жұртпен ақылдасатындай, болып жатқан жаңалықтарға үн қосатындай, заңдық бағыт-бағдар беретіндей жобалар қазақ телевизиясында жоқтың қасы. Аталмыш жоба осындай олқылықтардың орнын толтыратын дүние болады деп сенеміз. «Тұрмыс түзер ойынды, ойың түзер бойынды» демекші, заңды білуіміз керек батыстағыдай. Сіз білесіз бе, (...) олардың ұстанымын. Қызық, (*жымиып*) ана жылы барғанымда, олардың «менің бостандығым – сенің құқығыңды қадірлеу» деген ұстанымдары мені қатты таңдандырды. Бүгінде заңды сөз қылғанымыз – жоғымызды түгендегеніміз. Қарапайым халықты заң бойынша сауаттандыруды қалағанымыз. Заңды бес саусақтай білсін, сонда есесі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпес еді.

Қазіргі таңда *імм* «Рухани жаңғырудың» маңыздылығын Мемлекет басшысы атап өтті, (..) ішкі-сыртқы саясатты реттеу осындай жобалардан басталады ғой. Дамудың даңғыл жолына түскен тұста, *імм* бүгінгі күннің сынына төтеп беруге кедергі келтіретін кертартпа таптаурындардан арылу керек, заңға немқұрайлылықпен қарамау керек, өз құқығыңды таптатуға жол бермеу керек. Білім жинап, сауатымызды, (..) оның ішінде құқықтық сауаттылығымызды арттырсақ, өзгелермен тереземіз теңесері анық.

Балл қою кестесі**1-емтихан жұмысы. Оқылым және мәтінді талдау**

1(а) және 2-тапсырмалар үшін оқушылардың жауап мазмұнын айқындау мақсатында бөлек арнайы балл қою кестелері беріледі. Бұл жалпы балл қою кестесімен бірігіп қолданылады (1(а) және 2). 1(ә) сұрағына қатысты тек жалпы балл қою кестесі қолданылады. 1(ә) сұрағы шығармашыл жауапты талап ететіндіктен, арнайы балл қою кестесін қажет етпейді.

1(а) және 2 сұрақтарының жалпы балл қою кестесі

Диапазон	Балл саны	Сипаттамасы
5	13-15	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте жақсы түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Өте ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды және сенімді қолданады.
4	10-12	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін жақсы түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегідей етіп көрсетеді. - Ауқымды сөздік қорды және тілдік құрылымды орынды қолданады.
3	7-9	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін қанағаттанарлық деңгейде түсініп талдайды; арнайы балл қою кестесіндегі кейбір жауап нұсқаларын қамтиды. - Қанағаттанарлық сөздік қорды және тілдік құрылымды жалпы орынды қолданады.
2	4-6	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін шектеулі түсінеді, талдауға талпыныс жасайды; арнайы балл қою кестесіндегі шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Шектеулі сөздік қорды және тілдік құрылымды орынсыз қолданады.
1	1-3	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін өте шектеулі деңгейде түсінеді; арнайы балл қою кестесіндегі өте шектеулі жауап нұсқаларын қамтиды. - Өте шектеулі сөздік қорды қолданады.
0	0	- Мәтін түрлерін, тұтас аудиторияны, формасын, жанрын, мақсаты мен мазмұнын, стилі мен тілінің сипаттық ерекшеліктерін түсінбейді; арнайы балл қою кестесіндегі жауап нұсқаларын қамтымайды. - Сөздік қоры өте нашар.

1(а) сұрағының жауабы үшін арнайы балл қою кестесі

Берілген арнайы кесте 1(а) сұрағының жауабын бағалау үшін «1(а) және 2-сұрақтардың жауаптары үшін балл қоюдың жалпы кестесімен» бірге қолданылады.

Төменде берілген кесте 1(а) сұрағының болжалды мазмұнын көрсетеді және бұл тек

қана емтихан алушыларға үлгі ретінде қолданылуы тиіс. Оқушылар өз жауаптарын мәтін түрінде жазады және өз түсініктері оқыған мәтіндерінің мысалдарымен салыстырғанда төменде берілгендерден өзгеше болуы мүмкін.

ЕКІ МӘТІННІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ	
- екі мәтін де жазбаша формада берілген; - екі мәтіннің де көтерген тақырыбы жаһандану дәуіріндегі ұлттық құндылықтар туралы ұстанымдар мен көзқарастар.	
ЕКІ МӘТІННІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ	
А мәтіні	Ә мәтіні
Мазмұны	
- Қазақстан қоғамының жаһандану үдерісіндегі құндылық бағдарлары, даму тенденцияларындағы өзгерістер және ұлттық құндылықтың ығыстырылуы; - қазіргі Қазақстан қоғамы алдында тұрған міндет жайлы ғалым Б. Сексенбаевтың пікірі; тарихи феноменнің негізін құрайтын ұлттық құндылықтар; жалпыадамзаттық құндылықтың бес аспектісінің маңыздылығы.	- ұлттық құндылықтарымыздың сақталмауы және оған қатысты «бешбармақ» сөзінің мәні; - ұлттық құндылықтарымызға басқа мемлекеттердің халықаралық патент алуына қатысты нақты мысалдар; - қазақша күресті олимпиада ойындарына кіргізу; - қазіргі ұрпақтың тарихи миссиясына қатысты Ә. Бөкейхановтың пікірі; «Мәңгілік Ел» болып қалу үшін ұлттық құндылықтарымызды сақтаудың маңыздылығы жайлы пікір қамтылған.
Көзделген аудиториясы	
әлеуметтанушылар, жоғары сынып оқушылары, халықаралық ұйымдар, жаһандану үрдісі мен ұлттық құндылық тақырыбына қызығушылық танытатын жалпы оқырмандарға арналған.	жастар, жоғары сынып оқушылары, көпшілік қауым, ұлттық құндылық тақырыбына қызығушылық танытатын жалпы оқырмандарға арналған.
Мақсаты	
- Қазақстандағы жаһандану үрдісінің ұлттық құндылықтарға әсері жайлы көзқарастар жөніндегі зерттеу нәтижелерімен оқырманды хабардар ету; - жалпы адамзаттық құндылықтарды дәріптеу; - ұлттық құндылықтардың жаһандық	- ұлттық құндылықтарымыздың бұрмалану көріністерін сынға алу; - көпшілікті оны сақтауға, дәріптеуге шақыру; - мемлекет тарапынан ұлттық құндылықтарымызға қолдау көрсету мүмкіндіктері мен сақталу жолдарын талдау;

мәдениет шегінде алатын орны жайлы болжамды негіздеу.	ұлттық құндылықтарға қатысты толғақты мәселелерді талқылау.
Стилі	
ғылыми стиль (публицистикалық стиль элементтерімен ұсынылған), ғылыми еңбектен үзінді.	публицистикалық стиль, блог жазбасынан алынған үзінді.
Тілі	
Лексика - жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, жаһандану үрдісі ұғымдары мәтінге тірек сөз болып, негізгі ойды ашады; - ғылыми лексикасы — терминдер (<i>даму тенденциялары, жаһандану мотиві, капитал, жұмыс күші, трансұлттық сипат, тарихи феномен</i>); «тұтастық», «бірлік», «тұрақтылық» сияқты туынды зат есімдері мен «Біреудің ала жібін аттамау», «Аманатқа қиянат жасамау», «Атаның баласы болма, адамның баласы бол» сияқты тұрақты тіркестер ұлттық құндылықтың мәнін ашу үшін қолданылған; «ментальды-рухани», «қазақстандық мәдениет», «жалпыадамзаттық» - күрделі сөздері жаһандану үрдісіне қатысты өзекті мәселелерді түсіндіру үшін қолданған; - етістіктері ауыспалы осы шақта қолданылып, ғылымилық сипатын ашады: <i>өзгереді, құрайды, қалыптастырады, негізделеді, қамтамасыз етеді т.б.</i>; - автор зерттеу жұмысында ойын дәлелді өрістету үшін Б. Сексенбаевтың дәйексөздеріне сілтеме жасаған; - антонимдік сипаттағы қолданыстар: «батыс» «шығыс» сөздері елдердің мәдениеті мен құндылықтарын тұтастықта қарастыру үшін қолданылған;	Лексика - ұлттық құндылық мәтінге тірек сөз болып, негізгі идеяны ашып, мәселенің өзектілігін танытуда тірек сөз болып тұр; публицистикалық сипат беріп тұрған мынадай тілдік аспектілерді атап өтуге болады: «ұлттық құндылық», «патент», «ұлтжанды азамат» сияқты қоғамдық-саяси лексика қолданыс тапқан; «<i>Отың өшпесін</i>», «<i>шырағың сөнбесін</i>» деген ұлттық нақышты білдіретін тіркестер торт бетіндегі шырағданды сөндірудің ырымға қайшы екенін жеткізу үшін қолданылған; эмоционалды-экспрессивті реңкі басым тұрақты тіркестер, эпитетті, метафоралы қолданыстар кең ауқымда берілген. Мысалы, «<i>қолды болу</i>» - ұлттық құндылықтарымызды өзге елдердің патенттеп алғанын жеткізу үшін; «<i>Ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен</i>» — елдікті сақтап қалудың қиындықпен келгенін пайымдату үшін; «<i>Бешбармақ</i> » сөзіне қатысты сыни пікірге байланысты өз көзқарасын «<i>Бес бармақ бірдей емес</i>», «<i>Бармақ бірікпей ине ілікпейді</i>» деген сөйлемдер арқылы білдіреді; «<i>бес</i>», «<i>төрт</i>» — есептік сан есімі; «<i>екеу</i>» – жинақтық сан есімі «<i>бешбармақ</i> » сөзіне қатысты сыни ой-пікірді егжей-тегжейлі түсіндіру үшін қолданылады;

«мәдениет», «мәдени» сөздеріне қатысты тіркескен анықтауыштар: <i>қазақстандық мәдениет, әлемдік мәдени кеңістік, өз мәдениеті, батыс мәдениеті, АҚШ мәдениеті, ұлттық мәдениет</i> автордың академиялық тілдік қолданысының сан түрлілігін танытады. Синтаксистік ерекшелігі: - бірыңғай мүшелер құндылықтарға қатысты ұғымдарды санамалап көрсету үшін берілген; - төл сөзді сөйлем (Б.Сейсембаевтың) осы мәтіндегі негізгі ойды таныту үшін қолданылған; - мәтіндегі ойдың күрделі етіп берілуі бұл жай сөйлемдердің құрамындағы күрделі атаулардың, бірыңғай мүшелердің көптеп қолданылуымен байланысты. Мәтіндік сипаты: - талқылау элементі бар пайымдау мәтіні; - мәтін хабарлы сөйлемдермен берілген; - мәтін құрылымы толық (<i>кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімі бар</i>); - бірінші абзац пен екінші абзацты байланыстыратын ұғым – «ұлттық құндылық»; - бірінші абзацтағы ой екінші абзацта кең талқыланады; - үшінші абзацтағы ой алдыңғы абзацтағы ойларды ғылыми негіздеп, тұжырымдайды; - төртінші абзацта мәтіндегі ой қорытындыланып, түйінделеді.	«Бес саусақ бірдей емес», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді» мақал-мәтелдерін «бесбармақ» сөзінің қате қолданысын дәлелдеу үшін пайдаланған; «Тоғызқұмалақ», «қазақша күрес», «бәйге», «көкпар» бірыңғай мүшелерімен берілген ұлттық спорттың еңбек нәтижесінде дамығанын көрсету үшін берілген; «XX ғасыр», «XXI ғасыр» — реттік сан есімдері қазақ ұрпағының басты міндетінің тарихилық сипаты мен қазіргі кезеңдегі өзектілігін пайымдату үшін қолданылған; «Құдайға шүкір» — қанағаттану сезімін танытатын одағайдың қолданысы. Синтаксистік ерекшелігі: - мәселенің шешімін ұсыну үшін сұраулы сөйлемді қолданған: «Қазақта сонда не қалды?» - жас ұрпаққа жүктелер міндеттерді нақты түсіндіру мақсатында төл сөзді сөйлемді (Ә. Бөкейхановтың) қолданған; - мәтіннің түйінін «Ұлттық құндылық – ұлттың тірегі» атты лепті сөйлем арқылы береді. Мәтіндік сипаты: - талқылау және баға беру мәтіні - автор 1-жақтың көпше түрінде баяндайды; - құрылымы толық емес, блог жазбасынан үзінді (негізгі және қорытынды бөлімі бар); - бірінші абзац пен екінші абзацтағы ойдың мақсаты бір, талқылаған мысалдары әртүрлі; - соңғы абзацта алдыңғыларында айтылған ойлардан нәтиже шығару, ұрпаққа міндет жүктеу секілді қорытынды ой беделді тұлғаның сөзімен берілген.
---	--

1ә сұрағының жалпы балл қою кестесі

Диапазоны	Коммуникативтілігі	Тіл сапасы
5	9–10 балл	9–10 балл

	• Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін терең түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды шебер қайта өңдей біледі. • Орынды стильді жоғары деңгейде қолданады.	• Күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды өте жақсы түсінеді. • Тілі барлық жерде сауатты, кездейсоқ сирек қателер болуы мүмкін, көркем, таза жазады.
4	7–8 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін жақсы түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды жақсы қайта өңдей біледі. • Барлық жерде және негізінде орынды стильді үзіліссіз қолданады.	7–8 балл • Қарапайым және кейбір күрделі түсініктерді жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды жақсы түсінеді. • Тілі жалпы сауатты, сирек қателер болуы мүмкін.
3	5–6 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін қанағаттанарлықтай түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қанағаттанарлықтай қайта өңдей біледі. • Стильді қанағаттанарлықтай қолданады.	5–6 балл • Қарапайым ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды қанағаттанарлықтай түсінеді. • Тілдің сауаттылығы қанағаттанарлықтай. Қателер анық көрінеді, бірақ мағынаны түсінуге кедергі келтірмейді.
2	3–4 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін шектеулі түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу кезіндегі кейбір талпынысы көрінеді. • Бірізділік сақталмаған және стильді қолдануда қателер жібереді.	3–4 балл • Тек қарапайым ғана ойларды жеткізу кезінде грамматикалық және лексикалық нормаларды шектеулі түсінеді. • Тілі жалпы сауатсыз, кейде мағынаны түсінуге кедергі келтіреді.
1	1–2 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шартын және олардан туындаған әсерлерін өте шектеулі түсінеді. • Өз көзқарасын қолдау үшін материалды қайта өңдеу	1–2 балл • Ойларын жиі байланыссыз жеткізеді; грамматикалық және лексикалық нормаларды өте шектеулі түсінеді. • Түсінбеушілікке әкеліп соқтыратын қателіктер өте жиі

	кезіндегі өте шектеулі талпынысы көрінеді. • Жарамсыз стильді қолданады.	қайталанады.
0	0 балл • Мәтіннің аудиториясын, мақсатын, формасын, шарттын және олардан туындаған әсерлерін мүлде қате түсінеді. • Көлемі жағынан жеткіліксіз немесе байланыссыз орындалады.	0 балл • Грамматикалық және лексикалық нормаларды меңгермейді. • Үнемі қайталанатын қателер; жеткізілген ой анық емес.

2-сұрақтың жауабы үшін арнайы балл қою кестесі

Берілген арнайы кесте 2-сұрақтың жауабын бағалау үшін «1(а) және 2-сұрақтардың жауаптары үшін балл қоюдың жалпы кестесімен» бірге қолданылады.

Төменде берілген кесте 2-сұрақтың тиімді болжалды мазмұнын көрсетеді және бұл тек қана емтихан алушыларға үлгі ретінде қолданылуы тиіс. Оқушылар өз жауаптарын мәтін түрінде жазады және өз түсініктері оқыған мәтіндерінің мысалдарымен салыстырғанда төменде берілгендерден өзгеше болуы мүмкін.

Формасы
• ауызша формада, бейресми, эмоционалды-экспрессивті тонда, транскрипцияланған мәтін
Мақсаты
• заң саласы бойынша халықты құқықтық тұрғыда сауаттандыруды көздеген телеарнадағы жаңа жобаның мақсат-міндеті жайлы жұртты хабардар ету; • қарапайым халықтың өз құқығын қорғай білу үшін заң тұрғысында сауатты болуға, зайырлы қоғам құруға шақыру
Мазмұны
• қазіргі қоғамдағы заңды білудің маңыздылықтары; заңды білмеудің зардаптары мен салдары; «Заң сөйлесін» атты жаңа жобаның мақсаты мен қажеттілігі; заң білмеудің жемқорлықты туғызып, жаңа қылмысты өршітуі; батыс елдеріндегі құқық қорғау мәселелері жайлы қамтылған.
Көзделген аудиториясы
• құқықтық сауатты болуға қызығушылық танытатындар, әлеуметтанушылар, телеарна көрермендері
Стилі
• ауызекі сөйлеу стилі, көпшілік алдында сөйлейтін мінбер сөз
Ауызекі сөйлеу стилінің ерекшеліктерін танытатын аспектілер
• дауыс ырғағы жоғары, яғни көтеріңкі тонда айтылған сөздер: «АДАМ ҚҰҚЫҒЫ» – азаматтардың өз құқықтарын білу қажеттілігіне мән беру үшін; «МЕМЛЕКЕТТІҢ» азаматтардың қауіпсіздігіне жауапты мемлекет екеніне назар аудару үшін; «ЗАҢ БІЛМЕУ ДЕГЕНІҢ» – түсіндіру мәнінде, жанашырлық таныту мәнінде; «ӨТЕ ҚАУІПТІ» – халықтың құқықтық сауатсыздығының қауіп-қатерін ескерту мәнінде жұмсалған; «ТӨМЕНДІГІ ҒОЙ» – сөйлеушінің көңілінің толмай тұрғанын көрсетеді; «ЗАҢДЫ СӨЙЛЕТУ» – жаңа жобаның атын негіздеу себебін түсіндіру үшін қолданылған.
Тілі
• «заң», «құқықтық сауаттылық», «құқық» тірек сөздері сөйлеушінің негізгі ойын жеткізуге қызмет етеді; • эмоционалды-экспрессивті лексикамен берілген сөздердің, тұрақты сөз

тіркестері мен бейнелі сөз қолданыстарының кең ауқымды қолданысы байқалады: <i>бесенеден белгілі</i> – құқықтық сауаттылықтың маңыздылығының баршаға аян екенін; <i>орға жығады</i> – ұрыну мәнінде жұмсалып, құқықтық қағидаларды білмеудің салдарын әсірелей бейнелі жеткізеді, сөйлеушінің қынжылысын байқатады; <i>«зығырданың қайнайды»</i> – сөйлеушінің құқықтық сауатсыздыққа деген қынжылысын білдіреді; <i>«жетіп артылады»</i> – қоғамдағы заңсыздықтың салдарынан жапа шеккендердің шамадан тыс көптігін таныту үшін; <i>«жығып береді»</i> – құқықтық сауатсыздықтан қиындыққа кездесетінін көрсету үшін; • <i>«жаға ұстатар жайттар»</i> – эпиттетік мәнге ие болған тұрақты тіркесі орын алып отырған келеңсіздіктердің сипатын көрсету үшін; <i>«көңіл қынжылтар келеңсіздіктер»</i> – эпиттетті тіркесі де сөйлеушінің заңды білмеуінен туындайтын жағымсыз әсерлерін таныту үшін; • эпиттеттің ұлғайған түрінің қолданысы: <i>«қолына әділетсіздіктен кісен салынған ұлын қорғау үшін шырылдаған ана»</i> – баласының қылмысы үшін шарасыз күйге түскен ананың халін; <i>«ойнақтап жүріп от басқан жасөспірім»</i> – заңды білмеуден жасөспірімдердің жаңсақ әрекетке қалай түскенін сипаттау үшін берілген ; • <i>«көп»</i> – мөлшер үстеуінің бір сөйлемдегі үш рет қайталануы шоу бағдарламалардың сапасыздығын сынау үшін қолданыс тапқан; • <i>«керек»</i> модаль сөзінің қайталанып қолданылуы сөйлеушінің ұсыныс-шешімдерін айқындау үшін түйдектеліп берілген; • <i>«ұрымтал тұста ұтылып, жеме-жемге келгенде желініп»</i> – ассонанс пен аллитерациялы шешендік айшықтаудың қолданысы сөйлеушінің тіл шеберлігін аңғартып, құқықтық сауатсыздықты сынға алғанын танытады; • <i>«ойпырмо-о-ой»</i> – заңсыздықтың салдарына қатысты сөйлеушінің реніші мен наразылығын танытатын одағайдың қолданысы	Синтаксистік ерекшелігі
• жай сөйлем, бірыңғай мүшелермен күрделенген жай сөйлемдер; сөйлеуші тілге сауатты заң қызметкері болғандықтан, қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас, мезгіл бағыныңқылы сабақтас, шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемдер қолданысы кездеседі; • <i>«Осының барлығы әлі де болса төмендігі ғой құқықтық сананың»</i>; <i>«Өзіңіз өмір сүріп жатқан елдің заң ережелерін, құқықтық қағидаларын білмеу (...) бізді орға жығады, орға. Тіпті кейде зығырданың қайнайды сауатсыздықтарына»</i> тағы осы секілді инверсиялардың кездесуі мәтіннің ауызекі стильге тән екендігін танытады.	Мәтіндік сипаты
• негізгі және қорытынды бөлімнен тұрады; • бас әріппен ерекшеленіп берілген сөз, сөз тіркестері сөйлеушінің ой тұтастығын сақтағанын, бір тақырыптың төңірегінде көтерілген өзекте мәселелерді жан-жақты талқылағанын байқатады.	Сөйлеушінің азаматтық тұлғасы
• сөйлеуші – заң саласының маманы әрі заңдық сауатсыздықты жою үшін жаңа жобаны енгізген көшбасшы, тілге шешен, елжанды азамат, халық жанашыры	

7.2 2-емтихан жұмысы. Жазылым

А бөлімінен бір сұраққа және **Ә бөлімінен бір** сұраққа жауап беріңіз. Әр сұраққа 350–450 сөзден тұратын жауап жазыңыз.

А бөлімі: Шығармашылық жазба жұмысы

- 1 Сіз әуесқой велосипедші ретінде Қазақстандағы велосипед спортының 100 жылдығына арналған велосипед жарысына қатыстыңыз. Сіздің осы велосипед жарысына қатысу

себебіңіз бен оның қалай өткендігі туралы бөлісіңіз. Өзіңіз бен өз еліңіз үшін мақтаныш сезіміңізді жеткізіңіз.

[25]

- 2 Өз қиялыңызға ерік бере отырып «Мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл» сөздерімен аяқталатын әңгіме жазыңыз.

[25]

- 3 Сізге келешектің кітапханасына кіріп көруге мүмкіндік болды деп елестетіңіз. Ол қандай екенін, онда не барын сипаттаңыз. Жаңалықты сезіну мен жағдайдың ерекшелігін жеткізіңіз.

[25]

Ә бөлімі: Көзделген аудиторияға арналған жазба жұмысы

- 4 Сізден Дүниежүзілік жануарларды қорғау күніне арналған шараларға қатысты 13–14 жастағы оқушылардың алдында сөз сөйлеуді сұрады. Өзіңіздің сөйлеу мәтініңізді жазыңыз, онда сіз осы тақырыптың маңыздылығы мен оқушыларға жануарларды қорғау үшін не істеуге болатыны туралы айтасыз.

[25]

- 5 Жақында баспасөзде еуропалық елдердің бірінде он екі жасар жасөспірім қамауға алынғаны туралы хабарлама жарияланған. Осы хабарлама бойынша жастар онлайн форумы «Кәмелетке толмағандарды қылмыстық жауапкершілікке тарту керек пе?» деген сұрақты талқылайды. Осы сұрақ бойынша форумға өз көзқарасыңызды білдіретін пікір жазыңыз.

[25]

- 6 Сіздің мектебіңіз қайырымдылық көрсету мақсатында «Мейірімділік эстафетасы» атты акция өткізгелі жатыр. Осы акцияның өткізілуі және оған жергілікті тұрғындарды қатысуға шақыру туралы үндеу хат жазыңыз.

[25]

Балл қою кестесі

А бөлімі үшін жалпы балл қою кестесі: Шығармашылық жазба жұмысы

Диапазон	Балл	Сипаттамасы
5	21-25	• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені өте жақсы қолданады, аудиторияны толық тарта біледі, мәтіннің сәйкес формасын дәлелді қолданған. • Құрылымы сәйкес және қатаң сақталған. • Оқырманға ерекше әсер ету мақсатында көркем тіл құралдарын өте жақсы қолданған. • Мазмұндауы еркін, мәнерлі ойластырылған, күрделі әсерлерге қол жеткізеді. • Сауаттылығы жоғары деңгейде.
4	16-20	• Тапсырмада шығармашылық тәсілдемені орынды қолданады, аудиторияны тарта біледі, мәтін формасының қолданысы жүйелі. • Құрылымы сәйкес және сақталған. • Оқырманға ерекше әсер ету үшін тілдің шығармашылық қолданысы нақты, анық. • Қажетті әсерге жетуге ықпал ететін анық және үзіліссіз мазмұндауы бар.

		• Мағынаны жеткізуде кездейсоқ қателер қиындық тудырмайды.
3	11-15	• Сәйкестендірілген құрылымы мен шығармашылық қабілеті анық, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді. • Қолданылған құрылымы дұрыс, бірақ кейбір жағдайда жүйеленбеген, құрылымнан ауытқу кездеседі немесе біртекті құрылымдар бар. • Тіл қолдануға деген талпынысы, суреттеу мен баяндау жазбалары қажетті деңгейде. • Нақты, бірақ біртекті сөз құрылымдарын қолданады. • Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	• Қажетті ұстаным мен мазмұн бар, аудиторияны сезу қабілеті байқалады. • Құрылымында ауытқушылық кездеседі, (дәл анық емес), нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті бар, бірақ солғын. Өз ойын жобалап жеткізеді. • Тілдік амал құралдарын қолдану әрекеті бар, суреттеу, сипаттау элементтері қанағаттандырылғы деңгейде. • Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады. • Шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы жиі кездеседі.
1	1-5	• Мағына мен мәселеге тоқталғанмен, шығармашылық тәсілдемеге сай емес, формасы нақтыланбаған, мысалы, суреттеу сұрағына баяндау арқылы жауап береді, өз ойын білдіруде шектеуліктер байқалады. • Құрылым әлсіз, ұйымдастырылмаған, ауытқулар жиі байқалады. • Тек кейбір жағдайда ғана тілдің жиі қолданылатын әдістері баяндау мен суреттеу жазбаларына сәйкес. • Шақтарды қолдануы анық емес, құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.
0	0	• Жұмыс қойылған мақсатқа сай емес, түсініксіз, құрылым мен мазмұны сай емес. • Төменгі деңгейдегі құрылымдық қателер (шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) оқушының жалпы әсер ету қабілетін көрсетуге кедергі келтіреді.

Ә бөлімі үшін жалпы балл қою кестесі: Дискурсивті/Аргументативті жазу

Диапазон	Балл	Сипаттамасы
5	21-25	• Тапсырманы орындаудағы қызықты да әсерлі, қажетті түр мен өзіндік құралдарды бірегей қолданады, аудиторияны жандандырады және пікірін сенімді де нақты білдіреді. • Қатаң ұстанымы мен сәйкестендірілген құрылымы мәселені логикалық күйде дамытады. • Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған көркемдегіш тіл құралдарының аясы өте кең.

		• Еркін, аяқталған ой-пікірлері күрделі нәтижелерді дәлме-дәл, биік деңгейде талқылай алатынын көрсетеді. • Сауаттылығы жоғары деңгейде.
4	16-20	• Тапсырмаға ойластырылған тәсілдемесі бар, қажетті форманы сақтай отырып, қызығушылықты туындатады, өз пікірін нақты білдіреді. • Құрылымы логикалық бірізділікке құрылған, мәселе мен деректерді талдауы нақты. • Оқырманға әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған тілдік құралдары үйлесімді. • Сөз сөйлеу мәнері әсерлі, сенімді деректер келтірілген, Жіберілген қателер түсінуді қиындатпайды. • Сауаттылығы жақсы деңгейде.
3	11-15	• Қажетті ұстанымы анық, шығармашылық қабілеті байқалады, аудиторияны сезеді, өз ойын жобалап жеткізеді. • Қолданылған құрылымы бар, бірақ жүйеленбеген және ішінара ауытқулар кездеседі. • Әсер ету, нақтылау, түсіндіру мақсатында қолданылған тілдік құралдары кей жағдайларда жеткіліксіз деңгейде берілген. • Біртекті сөз құрылымдарын қолдану жиі байқалады. • Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер қажетті әсер алуды төмендетеді.
2	6-10	• Қажетті ұстанымы мен мазмұн арасында байланыс бар, аудиторияны сезу қабілеті байқалады, бірақ өз пікірін сенімді білдіре алмайды. • Құрылымы анық емес, келтірілген деректерді дамыту қабілеті жеткіліксіз. • Тіл құралдарын қолдану әрекеті бар, бірақ суреттеу, деректендіру және аудиторияға әсер етуі қанағаттанарлық деңгейде. • Ойын білдіруде, сөз саптауында жүйесіздік байқалады, ой шашыраңқылығы ішінара кездеседі. • Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер түсінуге кедергі келтірмейді.
1	1-5	• Жұмыс көздеген мақсатқа сай емес, мәселеге қатысты түсінігі бар, бірақ өз ойын нақты жеткізе алмайды. • Құрылымы шашыраңқы, дұрыс құрылымдалмаған, тақырыптан ауытқулықтар жиі байқалады. • Тіл құралдарын қолдану әрекетіне талпыныс жасаған, бірақ суреттеу, деректендіру және аудиторияға әсер етуі төмен. • Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.
0	0	• Жұмыс қойылған мақсатқа сай емес, түсініксіз, құрылым мен мазмұны өте төмен деңгейде. • Таңдалған тақырыпты мүлде түсінбеген. • Дұрыс құрылымдалмаған. • Шақтардың, бастауыш пен баяндауыштардың байланыспауы, орфографиялық, пунктуациялық қателер жалпы мағынаны толық түсінуге кедергі келтіреді.

